

Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2014 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 323 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заң 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 1329 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2014 жылға қаражат бөлу;
2) Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2014 жылға бөлінетін қаражатты пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдар тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне кәсіптік стандарттардың әзірлену барысы туралы есептер берсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.02.2015 № 58 (31.12.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жарты жылда бір рет, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне кәсіптік стандарттардың әзірлену барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.02.2015 № 58 (31.12.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

4

с ә у і р д е г і

№

3 2 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К.Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2014 жылға бөлінетін қаражатты пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2014 жылға бөлінетін қаражатты пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 1329 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

2) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері – білім және ғылым, индустрия және жаңа технологиялар, көлік және коммуникация, байланыс және ақпарат, денсаулық сақтау, спорт және дене шынықтыру, төтенше жағдайлар, өңірлік даму, мұнай және газ, қоршаған орта және су ресурстары, әділет, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында кәсіптік стандарттарды әзірлеу шеңберінде іске асырылатын іс-шараларды қаржыландыруды жүзеге асыратын орталық уәкілетті органдар.

3. Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге бағытталған іс-шараларды қаржыландыру бюджет заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бөлінетін қаражатты пайдалану тәртібі

4. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері кәсіптік стандарттың құрылымына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 374-ө-м бұйрығымен бекітілген Кәсіптік стандарттарды әзірлеу, қайта қарау, сынақтан өткізу қағидасына сәйкес кәсіптік стандарттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері кәсіптік стандарттарды әзірлеу кезінде кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеуді, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуды қамтамасыз етеді.

6. Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2014 жылға көзделген қаражатты бөлу және пайдалану бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің кәсіптік стандарттарды әзірлеуге арналған қызметтерді сатып алуы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынатын кәсіптік стандарттарды әзірлеу барысы туралы есептер мынадай:

- 1) іс-шаралардың нақты орындалуы туралы (нәтижелерге қол жеткізу сатылары);
- 2) нәтижелерге қол жеткізбеу себептері туралы;
- 3) бөлінген қаражаттың игерілуі туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

4

с ә у і р д е г і

№

3 2 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2014 жылға қаражат бөлу

Ескерту. Қаражат бөлу жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.02.2015 № 58 (31.12.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р / с №	Іс-шаралар атауы	Жауапты мемлекеттік органдар	Саны	Сомасы, мың теңге
1	Кәсіптік стандарттарды әзірлеу	ИДМ	26	24 287,0
2	Кәсіптік стандарттарды әзірлеу	ДСӘДМ	26	19 607,0
3	Кәсіптік стандарттарды әзірлеу	ІІМ	1	475,0
4	Кәсіптік стандарттарды әзірлеу	МСМ	4	2 900,8
5	Кәсіптік стандарттарды әзірлеу	БҒМ	5	2 559,0
6	Кәсіптік стандарттарды әзірлеу	ҰЭМ	24	25 200,0
7	Кәсіптік стандарттарды әзірлеу	Әділетмині	2	879,2
	Барлығы:		88	75 908,0

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИДМ - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі;

ДСӘДМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі;

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

МСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі;

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ҰЭМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК